ATR ATR ATR ATR ATR ATR

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница № 2

Екіншіден кітап оқымауымыздың тағы бір себебі: ата-анадан басталады. Қазақта «Тәрбие тал бесіктен» деп бекер айтылмаған. Егер ата-анамыз кітап оқымаса, ата-апаларымыз кітаптың бетін ашпаса одан кейінгі ұрпақ қалай кітап оқиды? - деген сұрақ бәрімізді толғандырады. Үшіншіден жастардың тіл жұтаңдығы, пікір айта жатқан кезде сөздік қордың аз болуы қазіргі кезде өзекті мәселеге айналуда. Осы мәселелерді шешу үшін Абай атамыз бізге көп нәрсені ұғындырып, білім, ғылым, кітапқа байланысты артына үлкен мұра қалдырып кетті. Біз сол мұраны, өсиетті, нақыл сөздерді жерге қалдырмай кітап оқып, білімге құштарлықты арттырып санамызды, ой-өрісімізді дамытайық. Қорытындылай келе: Абай атамыз айтқандай «Артық ғылым кітапта, Ерінбей оқып көруге» деген қанатты сөзі бізді толғандырады. Кітап - ең асыл қазынаның бірі екенін түсіндіреді. Сондықтан кітап оқуға деген сұранысты арттырып, білімге деген құштарлығымызды дамытайық. Ғаламтор желісіне жәйсіз байланбай, сауаттылығымызды, ақылымызды, санамызды, ой-өрісімізді кеңейтейік. Кітап оқуды „сәнге" айналдырайық.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ